

QarMTU | KarGTU



1953

Тақырып: Экономика, жаһандану және еңбек. Популяция, урбанизация және әлеуметтік қозғалыстар.

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Дәріскер: аға оқытушы Сарсенбеков Н.Ж.



Қарағанды 2022

Дәріс жоспары

1

Еңбек, оның функциясы мен мазмұны. Кәсіп және еңбек.

2

Жаһандық қоғам.

3

Халық демографиясы және урбанизация үдерісі.

4

Әлеуметтік қозғалыстар.

Әлеуметтік функциясы мен мазмұны. Кәсіп

Еңбек туралы ғылым жүйесінде, ең алдымен, қоғамдық еңбек және табиғат пен қоғамның өзара әрекетінің біртұтас процесі ретінде тұлғаның әлеуметтік мәнінің өзара байланысын зерттейтін философия туралы айтуға болады.

Еңбек психологиясы адамның еңбек қызметінің психологиялық ерекшеліктерін зерттейді, кәсіби бағдар мен кәсіби іріктеу әдістерін әзірлейді.

Еңбек гигиенасы ғылымының басты қарастыру аясында тиімді қоршаған ортаны жасау, адам ағзасына арналған шарттар мен өзара әрекет ету мәселесі тұрады; эргономика адамның техникалық жүйелерімен өзара әрекетін зерттейді.

Экономикалық әлеуметтаным қоғам өмірінің мынадай екі негізгі саласын зерттейді: **экономикалық және әлеуметтік**, қызметкерлердің өндірістік аядағы мінез-құлқы, субъектінің өндірістің әлеуметтік тиімділігін арттырудағы рөлі, сондай-ақ экономикалық мәдениет пен экономикалық мінез-құлық. Оның қарастыру аясында экономиканы әлеуметтік-экономикалық реттеу механизмдері, адамның еңбекке деген қарым-қатынасы, еңбек ықшамдығы, еңбек нарығы, жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық түр. Экономикалық саланың әр түрлі екендігі негізінде әлеуметтік проблематика саласы да бөлек, экономикалық әлеуметтаным да ғылым ретінде өзінің құрылымы бар, яғни тақырыптық бөлімдер мен бағыттардан тұрады. Олардың негізгілері мыналар болып табылады: еңбек әлеуметтанымы, кәсіптер мен істер; бөлгіштік, мүліктік қатынастар әлеуметтанымы; ұйымдастыру әлеуметтанымы; басқару әлеуметтанымы.

Экономикалық әлеуметтану экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттегенде белгілі бір әдістемелік қағидаларға сүйенеді. Олар:

1.Қандай да бір экономикалық процестерді зерттеу объектісіне айналдырғанда экономикалық әлеуметтану өндірістегі әрбір таптың оның ішінде топтың, жіктің мұң-мұқтажы, мүдде, талап –тілегі тұрғысынан зерттейді.

2.Қандай да бір әлеуметтік талдау жүргізбесін, экономикалық әлеуметтану өндірістегі әлеуметтік топтардың, оның жіктерінің меншік формасына қатынасын, әл-ауқатының дәрежесін, өмір сүру жағдайларын нақтылы еске алып отырады.

3.Экономиканы, ондағы қатынастарды дамытуға әлеуметтік факторлардың тигізетін әсерін және экономикалық қатнастардың әлеуметтік қатынастарға, процестерге тигізетін әсерін ескереді.

4.Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде әлеуметтік, яғни, адам факторына басты назар аударады.

5.Экономикалық және әлеуметтік мәселелерді тығыз байланыста қарап, шешілетін практикалық мәселелерді де бірыңғай байланыста қарауға бағыттап отырды.

6.Шаруашылық тетігімен салыстырғанда әлеуметтік тетіктің ықпалы басым түсетінін әр уақытта ескеруді қажет етеді.

7.Экономикалық және әлеуметтік саясаттың тығыз байланыста болатынын есте ұстау.

Экономиклық әлеуметтану жеке-дара әлеуметтану теорияларымен де айналысады. **Экономикалық әлеуметтанудың зерттеуіндегі басты айырмашылық** – ол жалпы экономикалық, әлеуметтік құбылыстар мен үрдістердің даму заңдылығын зерттейді. **Ал, заңдылықтар деген не?** Олар осы байланыс, қатынастардың ең тұрақты, қайталанатын, басты жақтарының жиынтығы. Әлеуметтануда заңдылықтарды **даму тенденциялары** деп те айтады.

Осы құбылыстар мен процестердің қатынастары мен байланыстарының негізінде экономикалық әлеуметтану, бір жағынан, әлеуметтік алуан түрлі топтардың, жіктердің мұң-мұқтажын, мүддесін, талап – тілегін қанағаттандырып, іске асыру жағын ойластырса, екінші жағынан, жалпы экономикалық дамудың факторлары мен алғы-шарттарын, экономикалық және әлеуметтік дамудағы байланыс – қатынастардың мәнін зерттеп, анықтайды. Экономикалық әлеуметтік қатынастарға ықпалын, әлеуметтік топтарға бөлінудің экономикалық себептерін ашу, экономика дамуының әлеуметтік факторларын талдап көрсету қажет. Мысалы, экономиканың кейбір әлеуметтік мәселелері, атап айтсақ, қызметкерлердің білім және мамандық, үй-тұрмыс, жалақы, табыс, кірісі, бала тәрбиелеу, т.б. біршама дұрыс шешілген, ал, өндіріс жүйесіндегі топтардың, олардың ішіндегі жіктердің қоғамдық өндіріс орындарындағы іс-әрекеттері мен мінез-құлықтары әлі осы уақытқа дейін зерттелмей келеді. Бұл өте маңызды, өзекті мәселе. Бұл мәселені дұрыс шешпейінше өндіріс қарқынмен дамиды, еңбек өнімділігі жоғарылайды, сапалы тауарлар көп шығарылады деп айту қиын. Өйткені өндірістегі өндірілген өнімді бөлу, айырбастау, тұтыну, оларды жоспарлап, жұмысты дұрыс ұйымдастыру арқылы жүргізу осындағы әр түрлі адам топтарына – олардың мінез-құлқына тікелей байланысты.

Экономикада адамның тәртібін басқарып, реттеп отыратын құрал-ол шаруашылық механизмі. Бұл механизм өндірістегі жұмысты ұйымдастыру, жоспарлау және ынталандыру, құрал-әдістерін толық қамтиды. Екінші жағынан, өндірістегі адам факторы өндірістің дамуына, еңбек ұжымының тәртібіне, әсіресе, олардағы әлеуметтік реттеу, басқару құралдарына күшті әсер етеді.

Адамның өмір сүруінің **негізгі шарттары** –еңбек, бұл- адамзат қоғамының негізгі тіршілік ету формасы. Табиғаттың сыртқы келбетін қайта өзгерте отырып, адам өзінің де ішкі табиғатын қайта жасады. Табиғаттың сыртқы пішінін өзгерту бірінші кезекте заттарды адамның қажеттіліктеріне икемдеуден басталды. Адам еңбегінің бастаулары мен пайда болуы еңбек құралдарының өндіріс заттары болуында жатыр (К. Маркс).

Еңбек мынадай қарапайым сәттерден тұрады: *1) мақсатты қызмет, немесе еңбектің өзі; 2) еңбек мәні; 3) еңбек құралдары; 4) еңбек нәтижесі.*

Еңбек табиғатты қайта түрлендіру ретінде оның қарапайым сәттері дайын күйінде берілмей, өздігінен еңбек арқылы жасалған кезде ғана жетіледі. Бұдан шығатын қорытынды, адам еңбегі белгілі бір қоғамдық топтардың шеңберінде жүретін саналы және мақсатты қызметті білдіреді. Еңбек-жүзеге асу процесінде қоғамдық мәні бар белгілі бір материалдық және рухани құндылықтар жасалатын қызмет. Еңбек қоғамдық сипатқа ие болады. Әрбір адам өзіне ғана пайдалы емес, басқалар үшін де пайдалы нақты формада жасайды. Өз кезегінде ол өзінің жеке қажеттіліктерін өнімдермен басқа адамдардың еңбегі өзіне ғана емес, сонымен бірге басқаларға да арналған нақты еңбегі кірігіп кететін формада қамтамасыз етеді.

Қоғамдық еңбектің құрылымы мыналарды құрайды:

1. Өндірістік күштер, бұған жекелік элементтер, яғни еңбектің өзі (ойлап табуды және орындаудан тұрады) және заттық құрамдас бөліктер (еңбек мәні мен еңбек құралдары) кіреді.

2. Мақсат. Еңбек мақсатты қызмет болып табылатындықтан, қоғамдық еңбек құрылымы міндетті түрде мақсаттың жалғастырушылары болып табылатын (мақсаттың жалғастырушылары арқашан еңбекті жасаған адам болып табылады) элементтерден тұрады.

Маңызды категориялардың біріне қоғамдық еңбек функциясы жатады. Функция (лат. Function-жасау, орындау)- бұл құбылыстың қолданыстағы мәні.

Қоғамдық еңбектің функция мен құрылымы еңбектің біртұтас мәнінің **әр түрлі аспектілерін** көрсетеді:

1) еңбек адам қажеттілігін қанағаттандыру тәсілі ретінде (бұл адамның қоғамдық тұрмысы басталатын еңбектің бірінші және маңызды функциясы);

2) еңбек қоғамдық байлықты жасаушы ретінде (адам сол арқылы өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып өз ішінде және табиғатпен зат алмасуды реттеуге және бақылауға бағытталған қызмет);

3) еңбек қоғамды тудырушы және қоғамдық прогресс факторы ретінде (адамның қажеттіліктерін қанағаттандыра және байлықты жасай отыра еңбек барлық қоғамдық дамудың негізі болады);

4) еңбек адамның жасаушысы ретінде (адамзат тұрмысының құндылықтарын жасай отырып, қоғамдық даму субъектісі ретінде еңбекте жалпы қоғамның өзі дами отырып, адам өзін-өзі дамытады);

5) еңбек адамзатқа еркіндік жолын беруші күш ретінде (адамдарға өздерінің әрекеттерінің алдын ала барынша қашықтағы табиғи және қоғамдық салдарын ескеруге мүмкіндік беруші, бұл функция барлық алдыңғыларды түсіндіреді, міне, тап осы еңбекте қоғам еңбек арқылы өздерінің даму заңдылықтарын және табиғат заңдылықтарын танып біледі; сондықтан басқа функциялар еңбек функциясын «дайындағандай болады» және еркін шығармашылық функциясын жүзеге асырады, бұл –адам дамуының шексіз функциясы).

Еңбек мазмұны мыналарға әсер етеді: а) еңбекке деген қатынас және еңбекпен қанағаттану; б) еңбекке деген қызығушылық дәрежесі; в) кадрлардың тұрақсыздығы, еңбек өнімділігінің деңгейі.

Еңбектің мазмұны оның техникалық –функциональдық жағын, ал еңбектің мазмұндылығы – оның әлеуметтік – психологиялық құрылымын көрсетеді (еңбек ынталандырғышы, еңбек мотиві, құндылықтар және құндылықтық бағдарлар: еңбек қызметіндегі құлықтық нормалар).

Кәсіп қоғам ішінде еңбек бөлінісінің әсерінен пайда болады. Қызметкер өз кәсібінің күштеріне қарай физикалық немесе ақыл –ой еңбегіне, өнеркәсіп немесе ауыл шаруашылығы, атқарушы немесе басқарушы еңбегіне жатады. Қоғамдық еңбек бөлінісінің дамуы еңбектің кәсіптік бөлінісінің дамуын да көрінеді. Кәсіп белгілі бір теориялық білім мен практикалық дағдыларды талап ететін барынша ауқымды және тұрақты қызмет түрін білдіреді. М. Вебер кәсіпті бір адамның белгілі бір функцияны өзін қамтамасыз етуші немесе жалақы алуына негіз ретінде тұрақты орындауы ретінде анықтайды. **Кәсіп негізінде даралық еңбек бөлінісі құрайтын мамандықтарға бөлінеді.** Мамандық қызметтің барынша тар және тұрақтылығы шамалы түрін білдіреді.

Өндірістің бөлінісін тереңдету мен қоса жүретін ғылыми-техникалық прогресс өзімен кәсіптік еңбек бөлінісін тереңдете түседі. Кәсіптің саны барған сайын арта түсуде. Мамандар қазіргі кезде біздің елімізде шамамен 7000 кәсіпті атайды. Кәсіпті жіктеудің халықаралық стандартына 1998 жылы 9333 кәсіп енгізілді. Мамандардың айтуынша, адам өз өміріне 5 рет кәсібін өзгертеді.

Кәсіп-бұл кез келген еңбек қызметі емес, белгілі бір белгілері бар қызмет қана. **Кәсіптің көпшілік анықтамалары оның бес сипаттамасынан тұрады.**

Біріншіден, кәсіп белгілі бір жұмысты қысқа емес, салыстырмалы түрде ұзақ уақыт орындайтын қызмет түрін білдіреді.

Екіншіден, бұл арнайы білім мен икемді талап ететін қызмет.

Үшіншіден, кәсіби қызмет белгілі бір кәсіптің шеңберінде де, сол сияқты оның сыртында да белгілі бір кәсіби мінез-құлыққа алып келеді (тануға болатын көзқарас, полиция, мұғалім бет-әлпетінің ерекшелігі және с.с.).

Төртіншіден, кәсіби қызметті орындау кәсіби бірігу және белгілі бір кәсіп өкілдерінің ұйғарымы арқылы жиі жүзеге асатын кәсіби мүддені қалыптастыруға алып келеді (осының негізінде және кәсіби мораль мен салттардың нормалары пайда болады).

Бесіншіден, бір кәсіп өкілдерінің басқа кәсіп өкілдеріне қатысты ұйым мәнінде, сол сияқты қоғамдық мәнде ерекше мәртебеге ұмтылуы индивидтің өзі жататын кәсіпке бірегейленуіне алып келеді.

Американ социологы Н.Смелзердің анықтамасы бойынша, «профессионал» термині адамның өз ісін жақсы білетіндігін және сүйетіндігін білдіреді.

Кәсіп таңдау өмірден үзіп алынған бір сәттік акты, эпизод немесе өмір бөлшегі емес, бұл тұлғаның балалық шағынан бастап еңбек ғасырын аяқтағанға дейінгі жүйелі дамуының нәтижесі.

Бұл-күрделі процесс, ол тұтасымен бүкіл тұлғаны қамтиды. К.Маркс адамның кәсіп таңдауы оның басқа тірі өмір сүрушілер арасындағы үлкен артықшылығы, бірақ ол сонымен бір мезгілде бүкіл өмірді жоятын, оның бүкіл жоспарларын быт-шыт қылатын, оны бақытсыздыққа душар ететін процесс екендігін айтты. **Кәсіп таңдау процесінде индивидтің мүдделері, жеке жоспарлары, қабілеттері мен соның салдарынан индивидтің жеке жоспарлары өзгертін оған қатысты сыртқы ахуалдар арасында қайшылықтар туындауы мүмкін.** Кәсіп таңдау кезінде сыртқы шектеулер әлеуметтік қатынастардың және әлеуметтік икемділіктің, демографиялық ахуалдың сипатына, өндіруші күштер мен білім беру жүйесінің деңгейіне қарай қалыптасуы мүмкін. Қоғамның кәсіби кадрларға деген объективті сұранысы сәйкес келмесе, оларды дайындау жүйесіндегі қалыптасқан құрылым мен индивидтің субъективті жоспарлары кәсіби диспропорцияны, «дипломдар тапшылығын» тудырады.

Ресей баспасөзінің деректері бойынша, қазіргі уақытта ең жақсы саналатын кәсіпке мынадай белгілі екі вакансия кіреді: қаржыгер (оның кез келген түрі) және программист. Екінші орында менеджерлер, өткізу жөніндегі менеджер, сауда өкілдері және жарнама агенттері тұрады. Белгілілігі жағынан хатшылар менеджерлерден кем түспейді, тіпті ол жылдан жылға білімдірек болып барады және қазіргі кезде олардың қандай да бір жоғары оқу орнының бітірушісі, шет тілін білуі және кеңсе техникаларымен жұмыс істей алуы тиіс болып отыр. Бір қызығы, осы тізімге барынша көп қажет етілетін кәсіп ретінде мамандардың пікірінше, болашаққа қажет кәсіп саналуда. Бұл жерде әңгіме химиктехнологтер, тамақ саласындағы мамандар туралы болып отыр. Қазіргі уақытта барынша мәртебелі (жоғары ақы төленетін) кәсіпке сондай-ақ аудитор, аудармашы, дипломат, заңгер, гувернер, дизайнер, логистик (көлік тасымалына жауап береді) кіреді.

Сауалнама нәтижесі бойынша барлық бітіруші-респонденттер үшін болашақ жұмысына байланысты мынадай жақтар барынша маңыздырақ болды (кейбіреулері бірқатар позицияларды белгіледі):

-кәсіби және қызметтік өсу перспективасы (65,8 пайыз);

-өзін-өзі көрсету мүмкіндігі (34,7 пайыз);

-жалақы мөлшері (23,3 пайыз);

Жас мамандар үшін барынша маңызы азы болашақта жұмыс істесетін ұжымы, болашақ басшысының жұмыс істеу стилі және әлеуметтік жеңілдік беруі болды.


Зерттеу процестерінде анықталғанындай, жұмыс берушілер қазіргі кезде жас маманның практикалық дайындығын, оның міндет қоя алудағы икемін және оны шешу жолдарын таба білуін, сондай-ақ дербес шешім қабылдау қабілетін (орташа 4,5) аралас мамандықты игеруін (шет тілі, кеңсе техникаларымен жұмыс істей білуі-4,3 балл) айырықша жоғары бағалайды. Көрсетілген іскерлік мінездемелерден басқа тиянақтылық, жауапкершілік, тәртіптілік, зиялылық, жалпы эрудиция және басқа қасиеттер де белгіленді.

2. Жаһандандық қоғам

Жаһандану (ағылш. Global — «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. "Жаһандану" бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екіпініне ілесу дегенді де білдіреді.

Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға “интеллектуалдық индустриялар экономикасы”, “ақпараттық қоғам”, “техникалық революция”, “ақпараттық жарылыс”, “ғаламдық ауыл” деген ұғымдарды енгізді.

Жаһанданудың төмендегідей негізгі құрамдас бөліктері бар:



- **“менталдық” немесе мәдени жаһандану** — дәстүрлердің, діндердің, мәдениеттер мен идеологиялардың “ұқсастануының” кешендік үрдісі. Қазіргі таңда бүкіл әлем, негізінен, 6 жаһандық діни жүйеге (христиандық, ислам, иудаизм, индуизм, буддизм, конфуцийшілдік) бөлінеді;
- **экономикалық жаһандану** екі үрдістің жиынтығын — нарықтардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының — компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі;
- **аумақтық жаһандану** — мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі. Мемлекетаралық экономикалық және әскери-саяси одақтар жаһанданудың барынша жоғары деңгейдегі мәнін көрсетеді. Бұл ретте Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылады;
- **ақпараттық-коммуникациялық жаһандану** — қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы; адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар, келешекте екі бағыттағы ғарыштық жүйелерді басымдылықпен дамыту; байланыстырудың жеке жүйесі мен жаһандық позицияланудың дамуы; ақпараттық коммуникациялық кешендердің негізінде бизнесті, өндірістік үрдістер мен үй шаруаларын басқарудың жаһандық жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау жүреді;
- **этникалық жаһандану** негізгі екі үрдістен тұрады — планета халқының санының өсуі және әр түрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясы.

Дамушы елдер үшін жаһандану үрдісі тудыратын **мәселелер** мен **қауіп-қатерлер**. Жаһандану үрдістері әртүрлі әлеуметтік және экономикалық даму деңгейдегі дамушы елдерге және халықтарға алуан түрлі әсер етеді. Дамушы елдерге жаһандану дамуға жаңа мүмкіндіктер жасайды. Сонымен қатар, осы елдер үшін аса үлкен қиындықтар да туғызады. Мысалы, дамыған елдермен салыстырғанда, дамушы елдердің артта қалу деңгейі күн санап арта түседі. Ғаламдық нарықтық экономикаға ену үшін дамушы елдерден өз әлеуметтік - экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертіп, барынша күш - жігер салуын талап етеді. Халықаралық нарық толығымен көпұлтты компаниялардың және дамыған постиндустриалды елдердің "ойын ережелеріне" бағынады. Дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылым, техника және технологиялар деңгейі әзірге өте төмен, ал бұл өз кезегінде олардың дамыған елдермен қатар бір деңгейде әлемдік нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік бермейді. Дамушы елдердің алдында әлемдік ғаламданушы экономикаға кірігу міндеті тұр. Ал, екінші жағынан олар дамыған елдерге тәуелді болудан қашады. **Жаһандық мемлекеттік жүйе** - қазіргі мемлекеттердің әлемдік жүйесі. Әлемдегі мемлекеттер соның принциптеріне негізделіп құрылған ұлттық мемлекет үлгі болып табылады. Бүгінгі таңда ұлт әлемнің қоғамдық ұйымдасуының негізгі бірлігі болып табылады, ал ұлттық мемлекет - оның саяси ұйымдасуының негізгі өлшемі. Бұл екі бірлікте - қоғамдық және саяси - бір-біріне сәйкес келеді, ал бұл олардың мәнін, маңыздылығын, шынайылығын және олардың бірінсіз - бірінің күні жоқ екендігін білдіреді. Бұл ереже ұлт пен ұлттық мемлекетке легитимділік көзі мәртебесін береді. Билікке қол жеткізу және оны ұстап тұру үшін саясаткерлер және оны қолдаушылар ұлт мүддесі үшін қызмет етуі керек. Ал мұндай қызмет тек бір ұлт қана өмір сүретін ұлттық мемлекет аясында ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Халық демографиясы және урбанизация үдерісі.

Демография (demos – халық, grapho – жазамын) деген екі грек сөздерінен құралған – халық туралы және оның қоғамдық дамуы туралы ғылым. Халық туралы мәліметтердің маңызы өте зор. **Біріншіден**, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жоспарлау, емдеу, санитарлық, т.б. медициналық мекемелердің жұмысын тиімді ұйымдастыруға және сауықтыру шараларын жүргізуге, дәрігерлер мен орта білімді мамандарды дайындау мақсатында пайдаланылады. **Екіншіден**, демографиялық көрсеткіштер халық денсаулығын сипаттайтын көрсеткіштерге жатады. **Үшіншіден**, емдеу-профилактикалық мекемелердің жұмысын талдауда пайдаланады. Тұрғындар түсінігі – белгілі бір территорияда, мемлекетте немесе облыс, аудан, қалада тұратын адамдар тобы. Тұрғандардың негізгі мінездемелерінің бірі денсаулық жағдайы болып табылады.

Жалпы демография (ерекше экономикалық) және әлеуметтік медицинаның қиылысуында аралас ғылым аймағы - медициналық демография пайда болды. **Медициналық демография** аймағындағы маманы, белгілі ғалым, профессор М.С. Бедный (1984) жылы «медицинская демография — халық денсаулығының жағдайы мен оның өзгеру тенденцияларына әсер ететін тұрғындар популяциясы мен әлеуметтік және табиғи факторлардың байланысын зерттейтін ғылым» деп жазды.

Тұрғындардың статистикалық зерттеуі **екі негізгі бағытта** жүргізіледі:

1. Халық статистикасы.
2. Халық динамикасы.

Халық статистикасы – бір уақытқа сәйкес халық санын білу, яғни халық санын бір тұрақты қалыптында жыныс, жас, әлеуметтік, топтық, кәсіби және қызметі, үйелмендік жағдайын сипаттау. Сонымен қатар ұлты, ана тілі, мәдениеттілік деңгейі, сауаттылығы, білімі, туған жері (қала, ауыл), географиялық орналасуы және тығыздығы анықталады.

Халық динамикасы – қозғалыс және халық санының өзгерушілігін зерттеу. Халық санының өзгерушілік себебі халықтың механикалық қозғалысы немесе халықтың табиғи өзгеруі болуы мүмкін.

Демографиялық жағдайды жақсартуға арналған жұмысты **бірнеше бағытта** жүргізу керек:

-жанұя, әсіресе көп балалы жанұя статусын жоғарлату; -көп балалы жанұя пәтер немесе жер берілу құқығын заңды түрде орнату;

-үш-төрт балалы жанұя, жанұялы өмір салтына халықты тұрақты түрде ынталандыру;

-жанұялы өмір салты әлеуметтік қалыпты жағдай ретінде болуы тиіс;

-заңды түрде ата-аналық еңбекті мамандырылған еңбекпен теңестіру және сол үшін «жанұялық айлықты» енгізу, яғни балаларды бағып отырған әйелге жанұядағы балалар санына байланысты минималды айлық төлеу;

-демографиялық мониторингті, әсіресе екінші және үшінші туылған балалар бойынша тұрақты түрде жүргізіп отыру;

-балалары жоқ жанұялық жұптардың емделуін мемлекеттік деңгейде қаржыландыру;

-шетелдердің тәжірибесіне негізделе отырып сәбилер туылуын қаржылай ынталандыру;

-фертильді жарсағы әйелдердің емделуінің ақысыз жүйесіне үлкен көңіл бөлу.

Қазақстанда халық саны 2019 жылғы 1 маусымда 18 млн 489,7 мың адамды құрады. 2018 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда халық саны 236,4 мың адамға немесе 1,3% өскен.

Урбанизация

Қазіргі таңда ауылдық тұрғындардың шамадан тыс қалалық мекенге көшу себебі нарықтық қоғамның қақтығысына байланысты әртүрлі мәселелерге алып келіп отыр. Яғни бұл тұрғындардың әлеуметтік экономикалық жағдайының біршама салыстырмалы деңгейін көрсетеді. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050 Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты халқына жолдауында Қазақстан халқының **урбанизация деңгейін** жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55%-нан 70%-дай деңгейге дейін өсетінің көрсетті. Қазақстанның қалалары мен елді мекендерін сапалы жолдар мен көліктің барлық түрінің жүрдек бағыттары байланыстыратын болады. Озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құру аяқталады.

2019 жылы қала тұрғындарының жалпы саны 10 млн 767,6 мың адамға жеткен. Қалалықтар Қазақстан халқының 58,2%-ын құрайды. Ауылдарда жалпы 7 млн 722,1 мың адам, яғни республика халқының 41,8%-ы тұрады.

Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс – деп насихаттаған болатын. Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамының мәдени, саяси және әлеуметтік құрылымы нарықтық түрлену жағдайына байланысты үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер қоғамның барлық саларын қамти отырып, біздің алдымызға көптеген шешуін талап ететін мәселелерді әкелді. Олардың бірі ретінде ХХІ ғасырдың ерекшеліктерінің бірі ретінде урбанизацияны айтуға болады.

Урбанизация үрдісі қандай халықтың болмасын басынан ерте ме, кеш пе өтетін құбылыс.

Урбанизация – адамзатты таратып орналасудағы қалалардың рөлі мен ара салмағына байланысты қалалық өмір салтын орнату сипатындағы тарихи процесс болып табылады. Бұл әлеуметтік стратификациялық қоғамда жаңа түрлену, экономикалық таптардың деңгейі анықталуда.

Урбанизация процесі кең ауқым алған жерлердің экологиялық жүйесі әлсірейді. Қала адамдарының саны артса адам әрекетінен шығатын антропогенді факторларда жылдам өседі. Демек экология ластанса адам денсаулығына алып келер әртүрлі зияны болады. Сонымен қатар жастар субмәдениетінің және қалалық ортаның әсері ауылдық жерде шектеулі болғандықтан ауыл жатары арасында жаға ұрпақтан жаттану, аполистік, агрессивтілік секілді процестердің дамуына кедергі келтіреді.

Урбанизация үрдісі негізінен жастар категориясына әсері басқа топтарға қарағанда айтарлықтай, бұл ең алдымен модернизациялық дамуға орай олардың үлкен қалаларға жеке мақсаттарға байланысты (оқу, жұмыс т.б) қоныс аударумен тығыз байланысты. Елдегі тұрғындар нарықтық қозқалыстарға бейімделе алмауына байланысты және жұмысқа деген бәсекелестік секілді әр түрлі мәселелер орын алып отыр. Бұл мәселелерге сонымен қатар «монетизация» түріндегі әлеуметтік қызметтер; жұмыссыздық және қайыршылық деңгейдің өсуі; өмір сүру жағдайы және халықтық бөлінуі, әлеуметтік экономикалық инфрақұрылымының нашарлауы, ауылдық тұрғындар қалада жұмыс іздеу тапсырысының өсуі және басқада нарықтық қоғамда жарамсыз әрекеттер қосылды.

Сонымен қатар мемлекеттік қаржыдан және қолдаудан айрылған аграрлық сектордың қызметі және инвестиция едәуір **төмен** болды. Бұл факторлардың барлығы жұмыссыздық деңгейінің орын алуына және ауылдық тұрғындардың тұрмыс сапасының нашарлауына алып келді. Қалалар көпшілігінде алуан этносты болып келсе, ауылда бір этносты басым болып келеді. Егер, ауылды жерде дәстүрлі ұлттық мәдениеттің белгілері басым болса, ал қалада сан алуан этностардың түрлі мәдениетінің нышандарын кездестіруге болады. Қалада жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелер, театр, филармония, көрмелер және сол сияқты сан қилы мәдениетті құру және тарату құралдарының бай қоймасы шоғырланған болса, ал ауылды жерде бұл мүмкіншіліктер шектеулі. Қай заманда, қай қоғамда да тарихи дауылдардың, төңкерістер мен сілкіністердің ауыртпалығын ауыл тартты.

Қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымыздың – өзекті мәселелерінің бірі **ауыл мен қала мәселесі**. Осы ауыл мен қалаға қатысты негізгі мәселе қоғамымыздағы **урбанизация процесі**. Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстан қоғамының дамуында урбанизация құбылысына үлкен мән беру керек. Урбандалудың қазіргі әсерінен елімізде үлкен – үлкен қалалық агломерация пайда бола бастады, ал кейбір ауылдар халықтан босап қалды. Бұл мәселеге мемлекетте араласып, реттеу тетіктерін іске қосқаны жөн болар еді. Қазақстан жері кең байтақ, ал онымен салыстыра қарағанда халқының саны аз. Мұның өзі халықтың қайта қоныстану үлгілерін жоспарлауды қажет етеді. Ауыл мен қаланың өзара байланысын жан-жақты зерттеу орынды. Әсіресе стихиялы түрде жүріп жатқан осы процеске мәдени-әлеуметтік, әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдау жасау алда тұрған маңызды шаралардың бірі. Қазақ қанша қалалық мәдениетті бойына сіңіргенімен оны өзінің менталитетіне сәйкестендіріп қабылдауы қажет. Ал дәстүрлі мәдениет ошағы – ауыл

4. Әлеуметтік қозғалыстар

Әлеуметтік қозғалыс - әлеуметтік институттарды, қарым-қатынасты және өмір салтын өзгерту мақсатымен біріккен адамдардың, топтар мен ұйымдардың қозғалысы.

Әлеуметтік қозғалыс - әлеуметтік институттарды, қарым-қатынасты немесе өмір салтын өзгерту мақсатымен біріккен адамдар, топтар және ұйымдар. Мысал ретінде, иммигранттардың құқығын қорғау үшін Уолл-стрит көшесін басып алуды және жергілікті мектептерді жақсарту үшін жаппай наразылық білдіруді айтуға болады.

Әлеуметтік қозғалыстар бір-бірінен қатты ерекшеленуі мүмкін. Кейбіреуі қоғамды өзгерткісі келеді, енді бірі адамды өзгертуге тырысады. Бір топ экстремалды (мысалы, қарулы қарсы тұру немесе жарылыс күші бар отты қару қолдану) әдістерге сүйенеді, тағы бірі заң шығарушыларға ықпал етуге немесе білім беру кездесулерін ұйымдастыруға көп күшін жұмсайды. Екі әдісті де қолданатындар бар.

Әлеуметтік қозғалыстардың түрлерін ажырату үшін әлеуметтанушылар олардың енгізуге тырысатын өзгерістерінің ауқымы мен мақсатына мән береді. 1-кестеде көрсетілгендей, **балама қозғалыстар** кейбір тұжырымдар мен әрекеттерге өзгеріс енгізуге бағытталған. Мысалы, бірнеше топ мемлекет бойынша қоғамдық бақшада жұмыс істеу үшін немесе соған адамдар тарту үшін жұмыспен қамтамасыз етіледі. Олардың **айығу қозғалыстары** жеке сенімдер мен тұжырымдарды түбегейлі өзгертуге бағытталған. Мысалы, жасырын маскүнемдер тобының мүшесі болашақта өмірге, ішімдікке деген көзқарасын және ортасын өзгертеді деп болжанады. Керісінше, **реформистік** қозғалыстар (жануарлардың, азшылықтың және әйелдердің құқығы үшін күресушілер) белгілі деңгейде қоғамды өзгертуге ынталы, ал **революциялық** қозғалыс қоғамды түбегейлі өзгерткісі келеді. Мысалы, «Талибан» ұйымы Ауғанстанда теократия құру үшін күресті, ал Коммунистік партия капиталистік жүйені жоюға ұмтылады.

Болжамды өзгерістердің деңгейі		
	Ішінара өзгерістер	Негізгі өзгерістер
Болжамды өзгерістің мақсаты		
Жеке	Баламалы қозғалыстар Мысал: Қоғамдық БАҚ-тың қозғалыстары, вакцинацияға қарсы қозғалыс	Түзетуші қозғалыстар. Мысал: Жасырын маскүнемдер, діни шіркеулер
Қоғамдық	Реформистік қозғалыстар. Мысал: Жануарлардың құқығын қорғау қозғалысы, денсаулық сақтау саласын реформалау үшін қозғалыс	Революциялық қозғалыстар. Мысал: «Талибан», 1917 жылы Ресей коммунистік партиясы

Балама қозғалыстар кейбір тұжырымдар мен әрекеттерге өзгеріс енгізуге бағытталған. **Айығу** қозғалыстары жеке тұжырымдар мен әрекетті түбегейлі өзгертуге бағытталған. **Реформистік** қозғалыстар (жануарлардың, азшылықтың және әйелдердің құқығы үшін күресушілер) белгілі деңгейде қоғамды өзгертуге ынталы. **Революциялық** қозғалыс қоғамды түбегейлі өзгерткісі келеді.

Ұжымдық мінез-құлық сияқты әлеуметтік қозғалыс та қалыптасқан жағдайды өзгертуге ұмтылады. Сол себепті олар бір-бірімен байланысты болады. Біріншіден, халықтың көз алдында болу үшін әлеуметтік қозғалысқа ұжымдық мінез-құлықтың қолдауы қажет. Заңсыз наразылық білдірушілер мен оларды тоқтатуға шыққан полиция қызметкерлері сияқты ешбір оқиға адамдардың назарын аударта алмайды. Екіншіден, ұжымдық мінез-құлық әдетте белгілі бір уақытпен және жермен шектеледі. Алайда күндердің күнінде жағдай ушығып кетсе тағы да қайталануы мүмкін. Мұндай әрекет төменгі деңгейде болса да қоғамдық қозғалысқа септігін тигізе алады.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Экономикалық әлеуметтанудың әдістемелік қағидалары
2. Экономикалық әлеуметтанудың зерттеуіндегі басты айырмашылық неде?
3. Қоғамдық еңбектің құрылымы нені құрайды?
4. «Кәсіп» ұғымының анықтамасы
5. Жаһанданудың құрамдас бөліктерін атаңыз.
6. Халық статистикасы мен динамикасы деген не?
7. Урбанизация үрдісі немен байланысты?
8. Әлеуметтік қозғалыс дегеніміз не?

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иекенов А.И. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004
2. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
4. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
5. Верховин В.Н., Зубков В.И. Экономическая социология: Монография. – М.: РУДН, 2005.
6. Волков Ю.Г. Социология: Учеб. – Ростов н/Д: Феникс, 2009.
7. Москвичев Л.Н., Осипов Г.В. Социология. Основы общей теории: Учеб. для вузов. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Норма, 2009
8. Радаев В.В. Экономическая социология. – М.: ГУ ВШЭ, 2008.
9. Силласте Г.Г. Экономическая социология: Учеб. пособие. – М.: Гардарика, 2005.
10. Соколова Г.Н. Экономическая социология: Учеб. – М.: ИИД «Филинь»; Мн.: Беларуская навука, 2000.
11. Эфендиев А.Г. Общая социология: Учеб. пособие. – М.: ИНФРА-М, 2009.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!
